

УДК 930 (574)

**ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ ТУРАЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР  
ЕҢБЕКТЕР**  
**SOME WORKS ABOUT THE MONUMENT OF  
YASAUI IN ENGLISH**

М.Б. ҚОЖА\*  
Н. ӘМЗЕ\*\*

**Түйіндеме**

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы еуропа тілінде алғаш әдебиет XVII ғ. аяғында пайда болды. Ал ағылшын тіліндегі әдебиет XIX ғасырдың соңғы ширегінде пайда болды. Ол американдық консул Юджин Скайлер көзбен көріп жазғандарынан бастау алып, соңғылары XXI ғ. басына дейінгі басылымдарды қамтиды. Ғылыми-зерттеушілік тұрғыдан ағылшын тілді кәсіби орта үшін Англияда шыққан Л.Ю. Маньковскаяның аударма мақаласы маңызды. Бұған қоса Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы түрлі қысқа анықтамалар АҚШ-та басылды. Кеңестер Одағында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы туристерге арналған алғашқы альбом 1980 ж. шыққан. Зерттеушілер мен зиялы қауым үшін Тәуелсіз Қазақстанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы ғылыми зерттеулер негізінде соңғы жылдары шыққан бірнеше альбомдар басылып шыққан.

**Кілт сөздер:** Қазақстан, Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи, кесене, ағылшын тіліндегі әдебиет, Юджин Скайлер, Маньковская.

**Summary**

The first literature about the monument of Khoja Ahmed Yassauï appeared in European language in the 17<sup>th</sup> century. The literature in English about the monument of Khoja Ahmed Yassauï appeared in the second quarter of the 19<sup>th</sup> century. At the beginning it was written by the American Council Eugene Skyler and continued with the publications of the 21<sup>st</sup> century. According to the scientific research L.Y. Mankovskaya's article translation was important in the professional English-speaking society which was published in England. Additionally different short information about the monument of Khoja Ahmed Yassauï was published in the USA. The first album was published in 1980 in the Soviet Union. Some albums, scientific research works about the monument of Khoja Ahmed Yassauï mainly published for researchers and intelligentsias in the Independent Kazakhstan in the last years.

**Keywords:** Kazakhstan, Turkestan town, Khoja Ahmed Yasavi, monument, literature in English, Eugene Skyler, L.Iu. Mankovskaia.

---

\* Тарих ғылымдарының докторы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан-Қазақстан.

Doctor of historical sciences, International K.A. Yassawi Kazakh-Turkish University. Turkestan-Kazakhstan. E-mail: [mukhtar\\_kozha@mail.ru](mailto:mukhtar_kozha@mail.ru)

\*\* Магистрант, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Master, International K.A. Yassawi Kazakh-Turkish University. Turkestan-Kazakhstan.

Еуропалық саяхатшылардың, ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан және қазақ халқының тарихына, байырғы мәдениетіне, археологиялық және сәулеттік жәдігерлерге қатысты мәліметтер кездеседі. Олардың бір тобы Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Ясауиге және оның кесенесіне қатысты.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – Қазақстан және Орта Азия тарихы мен сәулет өнерінің ең таңдаулы жәдігерлерінің бірі. Күллі Орталық Азия көлемінде оған ауқымы мен көркемдік деңгейі тұрғысынан тең келетін бірде-бір сәулет ескерткіші жоқ десе болады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – әлемдік деңгейдегі ескерткіш талаптарына жауап беретін ғимарат ретінде «ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне» енген Қазақстанның тұңғыш тарихи жәдігері. Алып құрылыс аса атақты әулие, дін таратушы, түркілердің сопылық бірлестігінің негізін қалаушы, ақын Қожа Ахмет Ясауи қабірі үстіне тұрғызылған ғимарат саяхатшылар, ғылымдар назарына түскеніне үш ғасырдан астам уақыт болды. Алайда кеңестік кезеңде және тәуелсіздік алғаннан кейін он жыл шамасында Қазақстан ғалымдары Түркістан қаласы мен оның ескерткіштері туралы зерттеулерде тек орыстілді әдебиетті ғана пайдаланды. 1992 ж. шығарылған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы алғашқы библиографиялық көрсеткіште [1] және ортағасырлық Түркістан тарихы мен археологиясына арналған монографияда [2] тек орыстілді әдебиет берілген. Онда бірде-бір қазақ тілінде жазылған жарияланым көрсетілмейді. 2008 ж. уақыт жағынан соңғы Қожа Ахмет Ясауиге және кесенесіне арналған библиографиялық көрсеткіште 370-тен астам аса әдебиет тізімі көрсетілген. Алайда онда орыс және қазақ тілді әдебиеттер ғана көрсетілген [3].

Қожа Ахмет Ясауи ғимараты туралы Батыс Еуропа зерттеушілерінің кейбір еңбектері Қазақстан оқырманына соңғы кезде ғана белгілі бола бастады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сипаттамасы амстердамдық саудагер Николаас Витсеннің XVII в. аяғында жазылған «Солтүстік және Шығыс Тартария» атты кітабында кездеседі: «Бұл қалада ұзындығы жиырма сажень, ені жиырма бес сажень бір ғимарат бар және оның аты «астана». Оның қабырғалары әртүрлі бояулармен әшекейленген, кейбір бөліктері алтындалған, ал үстінгі бөлігінде екі мұнара бар. Бұл астананың ішінде жүзден аса бөлме бар. Бір бөлмесінде биіктігі адам бойындай қазан бар. Қазанның өрнектелген тоғыз құлағы бар ... астанада Әзіретқожа атты әулие кісінің моласы бар» [4, 67-68]. «Астана» атты құрылысты Ақсақ Темір салғызғаны айтылады.

Бұл еуропалық әдебиеттегі Қожа Ахмет Ясауи ғимаратының алғашқы сипаттамасы деуге негіз бар. Және ол ғимарат ішінде қазан орналасқанын, оның көп бөлмелі екенін, кейбір нақыштар алтындалғанын және де басқа мәліметтер шындыққа жаңасады. Бұл мәліметтерді Николаас Витсен Түркістан қаласында болып, ондағы Ясауи кесенесін көрген кісілерден сұрастырып жазған. Бұл кітапта Күшік хан күмбезі және Тәуке хан үйі қасында бір ротонда барлығы жөніндегі хабарлар басқа ешбір деректе кездеспейді. Сондықтан ондағы мәліметтер аса құнды.

1876 ж. француз ғалымы Шарль-Евгений Ужфальви де Мезе-Ковезд әйелі Мари Ужфальвимен бірге қазақ даласы мен Орта Азия аймағында антропологиялық зерттеулер жүргізеді. Осы іс-сапар барысында олар Түркістан қаласында болып көріп білгенін қағазға түсірген. Түркістан қаласын таныстыра отырып Шарль-Евгений Ужфальви «мен Орталық Азияның бір кереметінде болдым» деп жазады [5, 192-195]. Мари де Ужфальви-Бурдон: «Түркістан кереметі – Өзірет мешіті ... Жіңішке күн сәулелерін өткеріп тұрған күмбез архитектурасының үйлесімді пішіндері таңдандырады. Бұл туындыны сомдаған архитектор аса дарынды маман және аса талғампаз адам болған. Ғимараттың ірі бөліктері батылдықпен және қайталанбас пішінімен таңғалдырады, ал ұсақ бөліктері аса ұқыптылықпен жасалған. Осы ғажап ескерткішті қазір жөндеу үшін миллиондаған қаражат қажет болар еді; кесененің ұсқынсыз құланды төбеге айналу сәті тақап-ақ қалды» - деп баспасөз бетінде кесенеге тәнті болғанын және оның болашағына қатты алаңдаушылық білдіргенін жазады [6, 245-246]. Мұның себебі - Түркістанды орыс әскерлері алған кезде зеңбірекпен жіберілген 12 снарядтың он бірі кесенеге тигенінен туындаған болатын. Асхана бөлмесінің күмбезі және сыртқы қабырғасы опырылып тұрған кез. Зеңбірек оғы тескен ғимараттың басқа да бөліктерінен жаңбыр мен қар суы ағып, кесене іші дымқылданып бөлмелердегі нақыш-өрнектерді бұза бастаған уақыт. Жағдай өте қауіпті болды. Біреулер кесенені мүлде құлатуды ұсынды. Жергілікті орыс зиялылары оны сақтап қалуды жақтады.

Француздар Қожа Ахмет Ясауи ғимаратының құрылысын сипаттап оны жоғары бағалаған және оған тең келетін басқа ғимарат жоғын өте орынды айта кетеді. Түркістан қаласында болып көрген жәйіттерді нақты жазуымен бұл мәліметтер де бағалы.

1872 ж. Қожа Ахмет Ясауи ғимаратында көп жыл бойы жиналып қалған қоқысты шығарумен шектелген жөндеу жұмысы болды. Бұл

жұмыс шетелдік елшілер келер алдында атқарылған жұмыс болуы мүмкін.

1873 ж. Ресей империясындағы АҚШ-тың консулы Юджин Скайлер Орта Азияда, оның ішінде Қазақстанның оңтүстік аумағында, Түркістан қаласында болып сол сапардан алған әсерлерін 1877 ж. өз елінде мынадай атпен «Turkistan. Notes of a Journey in Russian Turkistan, Khokand, Bukhara, and Kuldja. By Eugene Schuyler, Phil. Dr. Member of the American Geographical Society and Of the Imperial Russian Geographical Society, Etc. With Three Maps and Numerous illustrations In Two Volumes Vol. I. New York: Scribner, Armstrong & Co. 1877» [7] кітап етіп басып шығарды.

Ол Орта Азия аймағын орыстар басып алған соң онда болған алғашқы дипломаттардың және американдықтардың бірі болды. Ол ресми келген соң оны күтіп алушылар жергілікті әкімшіліктің жоғары мәртебелі өкілдері болды. Оның кітабы алғаш рет АҚШ-та 1877 ж., соңғы мәрте 1966 ж. басылып шықты [8]. Археолог-шығыстанушы А. К. Акишев Юджин Скайлердің аталған еңбегін осы уақытқа дейін тарихшылардың назарынан тыс қалғаны әділетсіз деп жазады. Біз осы пікірмен толық келісеміз. А.К. Акишев еңбектің тек Шымкенттен басталып Жетісу аймағы туралы бөлігін орысша аударып көпшілікке ұсынды [9, 102]. Ал Юджин Скайлердің Батыс Қазақстан аумағы мен Сырдария бойымен жүріп өткені хақында және Түркістан қаласында болғаны туралы хабарлары әлі де тарихшылар тарапынан пайдаланбаған.

Юджин Скайлер өз көзімен көргендерін кітапқа жаза отырып оған тамаша иллюстрацияларды тауып енгізген. Осы басылымда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің атақты суретші Верещагин салған екі көрінісі берілген. 70-бетте Түркістандағы Хазрет мешіті деген атаумен қорған қабырғасы ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қасбеті-оңтүстік фасады, Рабия Сұлтан бегім кесенесінің күмбезі көрінісі салынған. Ал 73-бетте Қожа Ахмед Ясауи кесенесінің артқы беті – солтүстік фасады және Рабия Сұлтан бегім кесенесінің күмбезі көрінісі бейнеленген [7, 70, 73].

Сондықтан біз Юджин Скайлердің Түркістан қаласынан, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін көргеннен алған әсеріне назар аудардық. Аталған кітапта Түркістан қаласын суреттей келе Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне төмендегідей сипаттама береді: «Оның құрылысы 1397 ж. Темір жаңа қалыңдығын Тәуекел ханымды күткен уақытта Түркістанға немесе Ясыға зияратқа барған кезде басталды. Шейх Ахмед Ясауи

Орталық Азияның атақты әулиелерінің бірі болды, әсіресе қазақтардың пірі еді. Ол Jahgia деп аталатын ағымның негізін қалаушы еді, ол 1120 ж. дүние салды. Кесене алып күмбезді алып ғимарат десе болады. Оның артқы бөлігінде тағы бір ерекше күмбезі бар. Оның қасбеті екі шетінен дөңгелек мұнаралары бар арқалы порталдан тұрады. Арка астында ұсақ өрнекті оюлары бар үлкен есік бар. Оның үстінде Абдулла хан жасатқан кейінгі арқалы ойық бар. Құрылыс шаршы үлгідегі күйдірген кірпіштен соғылған. Екі қыры мен артқы бөлігінде бүлінген сырлы қаптама мозаика сақталған. Күмбездердің көк түсті қаптамалары көпшілігінде түсіп қалған. Куфи үлгісімен жазылған соңғы жазу ғана оқылады. Онда «Шираздық Қожа Хусейннің жұмысы» деген жазу бар. Айнала аса ірі етіп көк түсті етіп жазылған Құран аяттары бар. Көп өзгеріске ұшыраған ғимарат бір кездері аса көрікті болғанға ұқсайды... Ғимараттың қасбеті аяқталмаған болса керек. Онда құрылыс барысында «есек» ретінде пайдаланылған ағаштарда ләйлек құстардың ұялары орналасқан. Бұлар киелі құстар десе болады, олар бір аяқпен мұсылман мешіттерінің төбесінде тұрады. Мешіт ортасында биік күмбезді үлкен бөлме бар. Ол мавритан ғимараттары, әсіресе Альгамбре іспетті алебастрмен нақышталған. Оң және сол жақ бөлмелерде Орта және Кіші жүздің түрлі сұлтандары жерленген, олардың арасында атақты Абылай хан моласы бар. Бір бөлме мешіт қызметін атқарады. Онда тек бір мәрте аптасына жұма намаз оқылады. Ғимараттың артқы бөлігіндегі шағын күмбез астында Ахмед Ясаудің және оның отбасының қабірханасы орналасқан» [7, 70-73]. Осы үзіндіні және одан кейін кітапта келтірілген сипаттама американдық консулдан бұрын, дәлірек айтсақ 1865 ж. Түркістанда болған М. Бекчуриннің [10, 330] 1866 ж. жария еткен Қожа Ахмет Ясауи ғимараты туралы мақаласымен салыстырып [11, 183-193] қарасақ, онда біраз мәліметтерді Юджин Скайлер аталған кісіден пайдаланғанын байқау қиын емес. Ғимараттағы жазулардың барлығы дерлік М. Бекчурин еңбегінен алынған десе болады.

Осымен қатар М. Бекчуриннің мақаласында кездеспейтін мәліметтер де кездеседі. Мысалы, Рабия Сұлтан бегімнің қасында оның бір ұлы жерленгені туралы хабар М. Бекчуринде жоқ. Бұл мәліметті американдық консул Түркістанда болған кезде естіген болса керек. Юджин Скайлердің ләйлек құстардың ұялары туралы жазғаны американдықтан үш жыл кейін болған Шарль-Евгений Ужфальви де Мезе-Ковезд жазбасымен қошталады [5, 194]. Юджин Скайлердің бұл

жазбалары да кесенені өз көзімен көрген кісінің байқаулары ретінде бағалы болып табылады.

Бұл еңбек Қожа Ахмед Ясауи кесенесі туралы ағылшын тілді оқырманға, ғылыми ортаға берілген алғашқы хабар ретінде бағалануы тиіс. Оны ағылшын тілді зерттеушілер пайдалана бастады. Юджин Скайлердің Қожа Ахмед Ясауи кесенесі туралы мәліметтерді ағылшын шығыстанушысы, әуесқой тарихшысы Генри Хойл Ховардс «History of the Mongols» - «Моңғолдар тарихы» атты кітаптың екінші томында пайдаланған [13, 681-683]. Соңғы кітапта берілген мәліметтерге атақты түрік ғалымы, проф. Фуат Копрулу сілтеме жасай отырып өз кітабында келтіреді [14, 81, 86].

Түркістандық кесенеге Ресейлік билік тарапынан біршама назар аударылып, оны сақтауға кейбір амалдар жасалды. 1884 ж. Қожа Ахмет Ясауи ғимаратының іргесі қышпен қапталды, шатыры тазаланып тегістелді, суағарлар жасалды. Сол кезде іштегі қабырғалар бетіндегі бояма көне өрнек қалдықтары ақталды, орталық залдың көркі болған мозаикалы-майоликалы накыштардың басым бөлігі орнынан алынып тасталды, ғимараттың сыртқы қаптамасына үйлеспейтін еуропалық кірпіш пайдаланылды. 1884-1886 жылдары кесененің батыс бұрышын бұзылудан сақтау үшін құрылыстың сыртынан төрт қыш тіреу жасалды. Ташкенттегі Археология әуесқойлары үйірмесінің 1906 жылдың 5 мамырында өткен жиналысында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, инженер В.С. Гейнцельман сөзімен айтқанда «аймақтағы құрылыс ескерткіштерінің ең үздігі» екені айтылып, оны жөндеу үшін 50 мың ақша бөлу қажеттігі хабарланды [15].

1910 жылы кесене қараушылары өз бетімен жинаған қаражатына ғимарат шатырын біршама жөндеті және асхана қабырғалары мен төбесінің бір бөлігін қайта қалатты. Кейінгі жылдары бірнеше бөлмелер қауіпті саналып көпшілік үшін жауып тасталды [16]. 1913 жылғы «Қазақ» газетінде М.Дулатовтың мақаласында ескерткіштің тарихы мен сол кездегі жағдайы сипатталады, қазақтардың жөндеуге қаражат жинауы және оларды ортада біреулердің иемденіп кетуі, кесенені жөндеуді тек ғылыми қоғамдарға тапсырыс беру қажеттілігі айтылады [17, 40-43].

XX ғ. 20-30 жылдары кесенені зерттеу мақсатында тарихи-археологиялық жұмыстар жүргізілді (А. А. Семенов, М. Е. Массон). Ескерткіштің сақталуына сол кезде елде үстем еткен атеизм кері әсер етті. Мысалы, 1926 жылы Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі ортаазиялық комитет Түркістан

қаласында кесенені қорғау жөнінде тұрақты комиссия құруға әрекет жасайды. Алайда Сырдария губерниялық музей (Шымкент қ.) директорының айтуынша, Түркістан қаласының өзінде бұл комиссия дінге көмек беруші деп танылған, ал комиссия мүшесі Садық Өтегеновты милиция ұстап әкеткен [18, 49].

XX ғасырдың 20-30 жылдары қаражаттың жоқтығынан Қожа Ахмет Ясауи ғимаратында басталған жұмыстар үнемі үзіліп қалып жатқанмен, шағын жөндеулер жүрді. 1938 ж. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысына сәйкес көне ескерткіштерді сақтау және қорықтардың республикалық басқармасы И.З. Поляков басшылық еткен арнайы түркістандық ескерткішті жөндеу мен реставрациялау прорабтығын жасақтады. Ғылыми кеңесші болып Орта Азияда реставрациялық жұмыстар жүргізген Б.Н. Засыпкин бекітілді. Осы жұмыстар барысында қазандық күмбезі мен ғимарат төбесі ұсақ қышпен қапталды, кесененің бұзылған нақыш-өрнегін біршама қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, ғимараттың іргесі күшейтіліп, суағарлар жасалды [19, 32-36].

Солардың қатарында 1955-1959 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде реставрациялық жұмыстарды басқарған Лия Юльевна Маньковскаяны ерекше атап өту керек. 1955-1959 жылдары жұмыстардың жетекші архитекторы, реставрациялық жұмыстардың кураторы Л.Ю. Маньковская болды. Л.Ю. Маньковская Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жөнінде бір топ ғылыми зерттеулер жариялады [20; 21; 22; 23; 24; 25; 26]. 1963 ж. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде көп жылдық зерттеу жұмыстарын жүргізіп реставрациялық жұмыстарды басқарған Л.Ю. Маньковская кандидаттық диссертация қорғап шыққан болатын [27]. Бұл ғалым кесене жөнінде бас маманға айналды десе болады.

Алайда Кеңестер Одағының оқшаулануына орай, көпке дейін Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі жөндеу жұмыстары, ғылыми зерттеулер нәтижелері шетел үшін беймәлім болып қала берді. Чикаго-Лондонда 1964 ж. басылған «Ислам архитектурасы және оның өрнек-оюлары» («Islamic architecture and its decoration») деген альбомда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің 8 суреті ғана берілген [28].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі АҚШ-та «Дүние жүзінің сәулет өнері тарихы» атты сериямен шыққан кітаптардың ішінде Нью-Йоркте 1977 ж. басылған «Ислам архитектурасы» атты еңбекте «Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет бейіті» деген шағын мақаламен көрсетіледі. Кітап авторы мұсылмандық үлгіде салынған ғимараттардың белгілі зерттеушісі, Колорадо университетінің профессоры Джон Хейг [29].

Автор алдымен Қожа Ахмет Ясауи ілімі туралы қысқаша анықтама береді. Джон Хейгтың пікірінше, «оның ізбасарлары осы күнге дейін Ясауи ілімін жалғастыруда, олардың есімдеріне әдетте әдетте «Ата» деген сөз қосылады. Бұл ілімнің ислам діні тарамай тұрған кездегі түркі шаманизмімен туысқандық байланысы бар. Түптеп келгенде, Анатолиядағы (Анатолия – Кіші Азия түбегінде орналасқан Түркияның негізгі бөлігі – авторлар.) дәруіштер ортасына (әсіресе Бекташ ағымына) сопылық мистицизмнің таралуы негізінде Ясы мен Анатолия арасында байланыстар үзілмей сақталып отырғаны әсер етсе керек».

Джон Хейгтың пікірінше, «әуелде болған жалғыз ғимараттың орнына 1394-1395 және 1397 жылдары мавзолей құрылысы жүрді, бірақ аяқталмай қалған тәрізді». Кесене жоспары 341-суретте берілген. Алайда Орта Азия құрылыстарының бір тобын және Қожа Ахмет Ясауи кесенесін «парсы архитектурасы» деген тарауда көрсетуі автордың ескі көзқараста екенін байқатады.

Қазақстанда 1980 ж. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жөнінде туристерге арнап қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде альбом шығарды [30]. 1988 ж. түзетулермен «Ahmed Yasawi architectural complex» деген атаумен тағы басылды [31].

Л.Ю. Маньковскаяның Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жөніндегі 1962 ж. мақаласы [22] Англияда 1985 ж. аударылып басылды [32]. Оны аударған Лиза Голомбек (Онтарио музейінен). Зерттеуде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің шығу тегі, архитектурасы, құрылымдары, Орта Азия сәулет өнеріндегі орны қарастырылады. Бұл еңбектің жариялануымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі көп жылдық ғылыми ізденістердің нәтижелерінің ағылшын тілді ғылыми ортаға тануға мүмкіншілік жасады.

Соңғы кездері Қазақстан мәдени мұрасын таныту мақсатында көптеген игі істерді қолға алды. Соның бірі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жөнінде 2011, 2013, 2015 жж. жана зерттеу нәтижелерін қамтыған альбомдардың басылып шыққанын айту керек. Онда алдыңғы зерттеушілердің еңбектері ескеріліп барлық дерлік эпиграфиялық жазулар қайта аударылып жанаша түсініктемелер берілді [33].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы еуропа тілінде алғаш әдебиет XVII ғ. аяғында пайда болды, ал ағылшын тіліндегі әдебиет XIX ғасырдың соңғы ширегінде пайда болды. Ол американдық консул Юджин Скайлер көзбен көріп жазғандарынан бастау алып соңғылары



XXI ғ. басына дейінгі басылымдарды қамтиды. Ғылыми-зерттеушілік тұрғыдан ағылшын тілді кәсіби орта үшін Англияда шыққан Л. Ю. Маньковскаяның аударма мақаласы маңызды. Бұған қоса Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы түрлі қысқа анықтамалар АҚШ-та басылды. Кеңестер Одағында Қожа Ахмед Ясауи кесенесін туристер арнап алғаш альбом 1980 ж. шыққан. Зерттеушілер мен зиялы қауым үшін Тәуелсіз Қазақстанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы ғылыми зерттеулер негізінде соңғы жылдары шыққан бірнеше альбомдар басылып шыққан.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави* (библиографический указатель). Составитель Ю.А. Ёлгин. Шымкент, 1992.
2. Смагулов Е.А., Григорьев Ф., Итенов А. *Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана*. Алматы, 1999.
3. *Қожа Ахмет Ясауи: библиографиялық көрсеткіш* (қазақ және орыс тілдерінде) / Құрастырушылар: Н.М. Асқарбекова, А. Әбдірәсілқызы. Алғы сөзін жазған А. Әбдірәсілқызы. Ред. А. Сафуллин. Алматы: Арыс, 2008.
4. Витсен Н. *Северная и Восточная Тартария* // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т.6. Алматы, 2006. С. 12-151.
5. Ужфальви Ш.-Е. *Сырдарья-Зеравшан. Страна семи рек и Западная Сибирь* // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т.7. Алматы, 2006. С.153-232.
6. Ужфальви-Бурдон М. *Из Оренбурга в Самарканд. Фергана, Кульджа и Западная Сибирь* // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т.7. Алматы, 2006. С. 232-270.
7. *Turkistan. Notes of a Journey in Russian Turkistan, Khokand, Bukhara, and Kuldja*. By Eugene Schuyler, Phil. Dr. member of the American Geographical Society and Of The Imperial Russian Geographical Society, Etc. With Three Maps and Numerous illustrations In Two Volumes Vol. I. New York: Scribner, Armstrong & Co. 1877.
8. Schuyler E. *Turkistan. Notes of a Journey in Russian Turkistan, Khokand, Bukhara, and Kuldja* / Ed. With Introduction by Geoffrey Wheeler. New York, Washington, 1966.
9. Акишев А.К. *Юджин Скайлер и Стивен Грэхем* // Письменные источники по истории и культуре Алматы (VIII-начало XX в.). Алматы, 2008. С. 102-123.
10. Ерофеева И.В., Жанаев Б.Т. *О захоронении и перезахоронении останков хана Абулхаира* // Древности Отрара и Отрарского оазиса, Казахстана и Евразии. Алматы, 2012. С.318-335.
11. Бекчурин М.-С. *Описание мечети Азрета, находящейся в городе Туркестане* // Военный сборник. – 1866, № 8, с. 209 (Туркестанская область. Заметки статского советника Бекчурина. Казань: Университетская типография, 1872).

12. Мари деУжфальви-Бурдон. *Из Оренбурга в Самарканд. Фергана, Кульджа и Западная Сибирь* // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т.7. Алматы, 2006. С. 232-270.
13. Howorth Henry H. *History of the Mongols*. Part 2. London, 1880.
14. Коррлу Фуад. *Türk edibiyatında ilk mutasavvıjlar*. Ankara, 1981.
15. *Местные известия* // Туркестанские ведомости, 1906, № 71.
16. *По краю* // Туркестанские ведомости, 1906, № 79.
17. Дулатов М. *Хазірет Султан* // «Қазақ» газеті / Құрастырушылар Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. Алматы, 1998, 40-43-бб.
18. Ёлгин Ю.А. *Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясауи в 1920-ые годы: Изучение. Ремонт. Реставрация* // Известия Министерства науки, Академии наук Республики Казахстан. Серия общественных наук. 1997, № 1, с. 44-53.
19. Ёлгин Ю.А., Алибаева С.К. *Борис Николаевич Засыпкин и его вклад в изучение и реставрацию мавзолея Ходжи Ахмеда Ясауи* // Известия Министерства образования и науки Республики Казахстан, Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных наук. 2000, № 1, с. 28-39.
20. Маньковская Л.Ю. *Некоторые архитектурно-археологические наблюдения по реставрации комплекса Ходжа Ахмеда Ясеви в г. Туркестане* // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия истории, археологии и этнографии. 1960, вып. 3 (14), с. 52-69.
21. Маньковская Л.Ю. *О методике реставрации памятников архитектуры* // Строительство и архитектура Узбекистана, 1962, № 1. С. 14-16.
22. Маньковская Л.Ю. *К изучению приемов среднеазиатского зодчества конца XIV в.* // Искусство зодчих Узбекистана. Т. I. Ташкент: Издательство Академии наук Узбекской ССР, 1962, с. 93-142.
23. Маньковская Л.Ю. *Восстановление декоративных облицовок мавзолея Ахмеда Ясеви в г. Туркестане*. Сборник научных трудов. Вып.3. Академия строительства и архитектуры СССР. НИИ по строительству в Ташкенте. Ташкент, 1962, с.109-117.
24. Маньковская Л.Ю. *Реставрация покрытия ребристого купола мавзолея Ахмада Ясауи в г. Туркестане* // Сборник научных трудов, вып.6. ЗНИИЭПГосстроя СССР в Ташкенте. 1963, с.106-110
25. Маньковская Л.Ю. *Исследование архитектурного комплекса-мавзолея Ахмада Ясауи в городе Туркестане и вопросы его реставрации*. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата искусствоведения. Ташкент: АН Уз.ССР, 1963.- 18 с.
26. Маньковская Л.Ю. *Ремонты и реставрация мавзолея Ходжа Ахмада* // Теория и практика сохранения памятников архитектуры ЦНИИТИА, Москва: Стройиздат, 1974, с. 96-104.
27. Маньковская Л.Ю. *Исследование архитектурного комплекса-мавзолея Ахмада Ясауи в городе Туркестане и вопросы его реставрации*. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата искусствоведения. Ташкент. 1963
28. *Islamic architecture and its decoration*. Chicago, London. 1964.
29. John D. Hoag. *Islamic architecture*. New York, 1977.

30. Nagim-Bek Nourmoukammedov. *The mausoleum of Hodja Ahmed Yasevi*. Alma-Ata, 1980.
31. Nagim-Bek Nourmoukammedov. *Ahmed Yasawi architectural complex*. Alma-Ata, 1988.
32. *Towards the study of forms in Central Asian architecture at the end of the fourteenth century: The mausoleum of Khvaja Ahmad Yasavi* by L.Iu. Mankovskaia // *Iran XXIII*, 1985. P. 109-127.
33. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. *Mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi*. Алматы: «Эффект», 2011. Мәтін жазғандар Муминов Ә.Қ., Қожа М., Моллақанағатұлы С. Үшінші басылым. Алматы: «Эффект», 2011.